

ISSN 2664-5157

Turkic Studies Journal

№ 1 (2) / 2020

2019 жылдан бастап шығады

Founded in 2019

Издается с 2019 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы
Ерлан Сыдықов
т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары Шакимашрип Ибраев, ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары Ирина Невская, доктор, проф. (Германия)

Редакция алқасы

Файбулла Бабаяров	т.ғ.д. (Өзбекстан)
Ұлданай Бақтыгереева	ф.ғ.д., проф. (Ресей Федерациясы)
Дмитрий Васильев	т.ғ.д., проф. (Ресей Федерациясы)
Заур Гасанов	PhD (Әзербайжан)
Гюрер Гульсевин	доктор, проф. (Түркия)
Анна Дыбо	ф.ғ.д., проф. (Ресей Федерациясы)
Мырзатай Жолдасбеков	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Дания Загидуллина	ф.ғ.д., проф. (Татарстан, Ресей Федерациясы)
Зимони Иштван	доктор, проф. (Венгрия)
Болат Көмеков	т.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Игорь Кызласов	т.ғ.д., проф. (Ресей Федерациясы)
Дихан Қамзабекұлы	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сейіт Қасқабасов	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ласло Мараш	PhD (Нидерланд)
Мария Иванич	доктор, проф. (Венгрия)
Мехмет Олмез	доктор, проф. (Түркия)
Карл Рейхл	доктор, проф. (Германия)
Зайнолла Самашев	т.ғ.д. (Қазақстан)
Қаржаубай Сартқожа	ф.ғ.д. (Қазақстан)
Айрат Ситдиқов	т.ғ.д., проф. (Татарстан, Ресей Федерациясы)
Фирдаус Хисамитдинова	ф.ғ.д., проф. (Башқұртстан, Ресей Федерациясы)
Нурила Шаймердинова	ф.ғ.д., проф., жауапты хатшы (Қазақстан)
Амантай Шәріп	ф.ғ.д., проф., жауапты хатшы (Қазақстан)
Альфия Юсупова	ф.ғ.д., проф.. (Татарстан, Ресей Федерациясы)

Редакцияның мекен-жайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтбаев к-сі, 2.
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-434). E-mail: turkicjournal@gmail.com, web-site: tsj.enu.kz

Turkic Studies Journal

Меншіктенуші: ҚРБҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚРМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген.

30.07.19 ж. № 17814-Ж - тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-434)

Editor-in-Chief
YerlanSydykov

Doctor of Historical Sciences, Prof., Academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief Shakimashrip Ibrayev, Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief Irina Nevskaya, Dr., Prof. (Germany)

Editorial board

Gaybulla Babayarov	Doctor of Historical Sciences (Uzbekistan)
Uldanai Bakhtikireeva	Doctor of Philology, Prof. (Russian Federation)
Dmitriy Vasiliev	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Russian Federation)
Zaur Gasanov	PhD (Azerbaijan)
Gurer Gulsevin	Dr., Prof. (Turkey)
Anna Dybo	Doctor of Philology, Prof. (Russian Federation)
Myrzatay Zholdasbekov	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Daniya Zagidullina	Doctor of Philology, Prof. (Tatarstan, Russian Federation)
Zimonyi Istvan	Dr., Prof. (Hungary)
Bolat Kumekov	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Igor Kyzlasov	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Russian Federation)
Dikhan Kamzabekuly	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Seit Kaskabasov	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Laszlo Maracz	PhD (Netherlands)
Maria Ivanics	Dr., Prof. (Hungary)
Mehmet Olmez	Dr., Prof. (Turkey)
Karl Reichl	Dr., Prof. (Germany)
Zainulla Samashev	Doctor of Historical Sciences (Kazakhstan)
Karzhaubay Sartkozha	Doctor of Philology (Kazakhstan)
Ayrat Sitdikov	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Tatarstan, Russian Federation)
Firdaus Hisamitdinova	Doctor of Philology, Prof. (Bashkortostan, Russian Federation)
Nurila Shaimerdinova	Doctor of Philology, Prof., executive secretary (Kazakhstan)
Sharip Amantay	Doctor of Philology, Prof., executive secretary (Kazakhstan)
Alfiya Yusupova	Doctor of Philology, Prof. (Tatarstan, Russian Federation)

Editorial address: 010008, Kazakhstan, Nur-Sultan city, Satpayev str. 2.
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-434). E-mail: turkicjournal@gmail.com, web-site: tsj.enu.kz

Turkic Studies Journal

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan Registration number № 17814-Ж, from 31.07.19

Periodicity: 4 times a year

Address of printing house: 13/1 Kazhymukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008;

tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-434)

Главный редактор
Ерлан Сыдыков
д.ист.н., проф., академик НАН РК (Казахстан)

Зам.главного редактора Шакимаширип Ибраев, д.ф.н., проф. (Казахстан)

Зам.главного редактора Ирина Невская, доктор, проф. (Германия)

Редакционная коллегия

Гайбулла Бабаяров	д.ист.н. (Узбекистан)
Улданай Бактыгереева	д.ф.н., проф. (Российская Федерация)
Дмитрий Васильев	д.ист.н., проф. (Российская Федерация)
Заур Гасанов	PhD (Азербайджан)
Гюрер Гульсевин	доктор, проф. (Турция)
Анна Дыбо	д.ф.н., проф. (Российская Федерация)
Мырзатай Жолдасбеков	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Дания Загидуллина	д.ф.н., проф. (Татарстан, РФ)
Зимони Иштван	доктор, проф. (Венгрия)
Булат Кумеков	д.ист.н., проф. (Казахстан)
Игорь Кызласов	д.ист.н., проф. (Российская Федерация)
Дихан Камзабекулы	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Сеит Каскабасов	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ласло Мараш	PhD (Нидерланды)
Мария Иванич	доктор, проф. (Венгрия)
Мехмет Олмез	доктор, проф. (Турция)
Карл Рейхл	доктор, проф. (Германия)
Зайнолла Самашев	д.ист.н. (Казахстан)
Каржаубай Сарткожа	д.ф.н. (Казахстан)
Айрат Ситдиков	д.ист.н., проф. (Татарстан, РФ)
Фирдаус Хисамитдинова	д.ф.н., проф. (Башкортостан, РФ)
Нурила Шаймердинова	д.ф.н., проф., отв.секретарь (Казахстан)
Амантай Шарип	д.ф.н., проф., отв.секретарь (Казахстан)
Альфия Юсупова	д.ф.н., проф. (Татарстан, РФ)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-434). E-mail: turkicjournal@gmail.com, web-site: tsj.enu.kz

Turkic Studies Journal

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»
МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан
Регистрационное свидетельство № 17814-Ж от 31.07.2019

Периодичность: 4 раза в год

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1,
тел.: +7(7172)709-500 (вн. 31-434)

МАЗМҰНЫ/ CONTENT/ СОДЕРЖАНИЕ

<i>Агзамходжаев С.</i> Движение прогрессистов в создании Автономной Демократической Республики в Туркестане	
<i>Агзамходжаев С.</i> Түркістан Автономды Демократиялық Республикасын құру жолындағы ілгерішіл қайраткерлер қозғалысы	
<i>Agzamkhodjaev S.</i> Progressional movement for creation Autonomous Democratic Republic of Turkestan.....	6
<i>Ivanics M.</i> A petition written in 1635 by the Kazan Tatars re-examined	
<i>Иванич М.</i> Қазан татарлары 1635 жылы жазған петицияның жаңаша байыптамасы	
<i>Иванич М.</i> Петиция, написанная казанскими татарами в 1635 году.....	23
<i>Каиржанов А.</i> Тюркизмы в русских островных говорах и этнические тамги	
<i>Каиржанов А.</i> Орыс аралдары говорларындағы түркізмдер және этникалық таңбалар	
<i>Kairzhanov A.</i> Turkisms in Russian island dialects and ethnic tamgas.....	41
<i>Лафасов У. П.</i> Али Кушчи и его научное наследие	
<i>Лафасов У. П.</i> Әли Құсшы және оның ғылыми мұрасы	
<i>Lafasov U.P.</i> Ali Kushchi and his scientific legacy.....	53
<i>Смагулова Г.</i> Фразеологизмдердегі түркі әлемінің тілдік бейнесі	
<i>Smagulova G.</i> Turkic language picture of the world in phraseological units	
<i>Смагулова Г.</i> Тюркская языковая картина мира в фразеологизмах.....	63

ЕСІМНАМА/ PERSONALIA/ ПЕРСОНАЛИИ

<i>Түлеубаева С.</i> К 1150-летию Абу Насра Аль-Фараби	
<i>Төлеубаева С.</i> Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150-жылдық мерейтойына орай	
<i>Tuleubayeva S.</i> On the 1150 th anniversary of Abu Nasr Al-Farabi.....	72
<i>Юсупова А., Шаймердинова Н.Г.</i> Хисамитдинова Фирдаус Гильмитдиновна	
<i>Юсупова А., Шаймердинова Н.Г.</i> Хисамитдинова Фирдаус Гильмитдиновна	
<i>Yusupova A., Shaimerdinova N.G.</i> Khisamitdinova Firdaus Gilmutdinovna.....	82
<i>Дәдебаев Ж.</i> Профессор З.Ф. Бисенғалидың ғалымдық тұлғасы	
<i>Dadebaev Zh.</i> Creative personality of professor Z.G. Bisengaly	
<i>Дәдебаев Ж.</i> Творческая личность З.Г. Бисенгали.....	88

СЫН ШҚІРЛЕР/ REVIEWS/ РЕЦЕНЗИИ

<i>Кумеков Б., Ибраев Ш.</i> Ценный вклад в этнологическое казаховедение	
<i>Кумеков Б., Ибраев Ш.</i> Этнологиялық қазақтануға бағалы үлес	
<i>Kumekov B., Ibraev Sh.</i> Valuable contribution to ethnological Kazakh studies.....	93

Фразеологизмдердегі түркі әлемінің тілдік бейнесі

Гүлдархан Смағұлова

филология ғылымдарының докторы, профессор
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

E-mail: smagulova.g@mail.ru

Аннотация. Мақалада түркі әлемінің тілдік бейнесіндегі фразеологизмдердің мағыналық ерекшеліктері сөз болады. Кез келген түркі тіліндегі фразеологиялық қор – сол ұлт өмірінің айнасы. Мұнда халықтың бүкіл өмір тіршілігі, салты мен дәстүрі, құндылықтар жүйесі жинақталған. Түркі тілдес халықтардың танымдық білім қоры бір бірін толықтырып отырады. Себебі, ортақ құндылықтар дүниесі, стереотип дағдылар мен мәдени өмір салты және дін ортақтығы о бастағы біртұтас менталдық кеңістікке негізделген. Ал осы тұтастықтың келбеті тілдің кумулятивтік қасиеті арқылы жинақталып, сақталып, түркі халықтарының өткен өміріндегі тұрмыс-тіршілігінде мәдени ортақтықтың бар екенін айғақтайды. Бұл ретте түркі фразеологизмдері мен паремияларының лингвомәдениеттанымдық интерпретациясын ерекше айтуға болады. Бүгінгі таңдағы түркі фразеологиясының зерттеу аясы жан-жақты, ғылыми нәтижелері антропоэзеттік бағытқа негізделген. Бір ұлт – бір тіл. Түркі әлемінің басқа ұлттардан айырмашылықтарын олардың тілдерінде сақталған бейнелі тіркестердің этномазмұны айқындап бере алады. Этностық мәдениет – ұлттық мәдениеттің ең ежелгі қабаты, бастапқы базисі. Осы қабаттағы салт пен дәстүрлерде түркілер мәдениетінің ортақтығы мен ұқсастығының көрінісі жақсы сақталған. Сондықтан түркі тілдерінің сөздік қорындағы ортақ лексика, ұқсас фразеологизмдер, этнос тарихындағы мәдени ремалардың лингвистикалық іздері, әдебиетіміздегі ортақ сюжеттер ғылыми талдауды қажет етеді.

Кілт сөздер: әлемнің тілдік бейнесі, түркілік дүниетаным, фразеология, мәдени тілдік семантика, түркі әлемі.

Turkic language picture of the world in phraseological units

Guldarhan Smagulova

Doctor of Philology, Professor
al-Farabi Kazakh National University

Almaty, Kazakhstan

E-mail: smagulova.g@mail.ru

Abstract. The article considers the semantic features of phraseological units in the language picture of the Turkic world. The phraseological foundation in any Turkic language is a mirror of the nation's life. The whole life of the tradition, the system of values of the people is gathered here. The fund of cognitive knowledge of Turkic-speaking peoples

replenishes each other. Since the world of shared values, stereotypical skills and cultural lifestyles and their similarities in religion are based on a holistic mental space. The image of this integrity is collected and preserved through the cumulative quality of the language, and proves the cultural identity in the past way of life of the Turkic peoples. At the same time, the cultural interpretation of Turkic phraseology and paremiology has of particular importance. Today the phraseology of the Turkic languages is a comprehensive object of research and its scientific results are based on anthropocentric approaches. One nation- one language. Only ethnolinguistic and linguo-cultural studies can analyze the ethnic content of images preserved in the language and the differences between the Turkic world and other nations. Ethnic culture is the most ancient layer, the primitive basis of national culture. The traditions and customs of this layer reflect the commonness and similarity of the Turkic culture. Therefore, the general vocabulary in the fund of the Turkic languages, identical phraseological units, linguistic traces of cultural rhemes in the history of the ethnic group, and common subjects in our literature require scientific analysis.

Keywords: a language picture of the world, Turkic outlook, phraseology, cultural language semantics are considered, turkic world.

Тюркская языковая картина мира в фразеологизмах

Гульдархан Смагулова

доктор филологических наук, профессор

Казахский национальный

университет имени аль-Фараби

Алматы, Казахстан

E-mail: smagulova.g@mail.ru

Аннотация. В статье рассмотрены смысловые особенности фразеологизмов в языковой картине тюркского мира. Фразеологический фонд любого тюркского языка является зеркальным отражением жизни народа, в котором запечатлены его система ценностей и традиций. Когнитивные знания тюркоязычных народов пополняют друг друга, так как мир общих ценностей, сходство стереотипных навыков и культур, общность религиозных форм основаны на целостном ментальном пространстве. На сегодняшний день важное значение занимает культурологическая интерпретация тюркской фразеологии и паремиологии, поскольку изучение фразеологии тюркских языков является актуальным и необходимым, и ее научные результаты основаны на антропоцентрической парадигме. В данном аспекте этнолингвистические и лингвокультурные исследования нацелены на анализ этнического содержания фразеологизмов, определения различий тюркской ментальности и мира от других миров. Этническая культура, будучи одной из древних, представляя базовую основу национальной культуры, сохраняет эти традиции и обычаи в языке, в общем словарном фонде, во фразеологизмах, что требует осуществления достоверного научного анализа.

Ключевые слова: языковая картина мира, тюркское мировоззрение, фразеология, культурная языковая семантика, тюркский мир.

Kіріспе

Ғасырлар тоғысында әлем назары батыстан шығысқа бағытталған кезде «түркі әлемі» деген тіркестің мағыналық қолданысының саяси мәдени ақпары мен астары бұрынғыдан да тереңдеп, тарихи аренада өзіндік болмысын жан-жақты таныта бастады.

1993 ж. 12 шілдеде Алматыда «Түріксой» – түркі халықтарының өнері мен мәдениетін дамытуға ықпал жасайтын халықаралық ұйым құрылғалы бері де отыз жылға таяп қалды. Түркі мемлекеттері мен түркі автономиялық республикалары мүше болған (Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түрікменстан, Татарстан, Башқортостан және Солтүстік Кипр Түрік мемлекеттері) ұйым мәдени байланыс саласында бірлесе, бір мүддеде «түбі бір түркі әлемін» тұтастыру үшін жұмыла іске кіріскен еді.

Халықаралық ұйымның негізгі мақсаты мен міндеттері туралы айтылған деректерге назар аударсақ, онда күні бүгінге дейін атқарылған игі істердің тіл мәселесіне соқпай кететін тұстары некен саяқ екенін байқауға болады.

Мәселен, жүргізіліп келе жатқан іс шараларды саралап көрсек, «Түріксойдың» негізгі мақсатына орай:

- түркі тілдес мемлекеттердің және халықтар мен қауымдардың мәдениет пен өнер саласындағы мәдениетін дамыту;
- түркі әлемінің мәдени құндылықтарын тану, зерттеу, сақтау және толықтыру, оларды әлемдік кеңістікте насихаттау;
- тарихи, саяси және географиялық жағдай салдарынан әлсіреген байланысты дамыту;
- ортақ мәдени кеңістік қалыптастыру; түркі әлемінің ортақ мәдени құндылықтарын, тарихи, мәдени ескерткіштерін анықтау және жүйелеу;
- түркі халықтарының ұлттық мәдениеттерінің дамуына ықпал ету, олардың тума, табиғи ерекшеліктерін сақтау;
- түбі бір түркі тілдерін жақындастыру;
- тұтас тілдік орта қалыптастыру, ортақ әліпби жасау, латын графикасына көшу мәселелерін қолға алу;
- гуманитарлық салада әлемдік интеграциялық үдерістерді ескере отырып, түркі тілдері мен мәдениетінің қуат-күшін жасөспірімдерге тәрбие беру ісінде көрсету;
- түркі тілдес мемлекеттердің мәдениеті мен өнері жөнінде халықаралық ақпарат орталығын құру, т.б.

Жоғарыда, біз санамалап көрсеткен, атқарылып жатқан шаралар астарында түркі тілдес халықтардың бір кездегі ортақ менталдық кеңістіктен таралып, ұлттық ерекшеліктерінің қалыптасқандығы байқалады. Сол ерекшеліктерге талдау жүргізгенде түркі әлемі бейнесінің концептуалдану жүйесін «кім қалай қалыптастырды» деген мәселе бой көтереді. Әсіресе, тарихи, саяси және географиялық жағдай салдарынан

әлсіреген байланысты дамыту арқылы түбі бір түркі тілдерін жақындастыру және тұтас тілдік орта қалыптастыру, ортақ әліпби жасау сияқты мәселелелердің уақыт өткен сайын қажеттігі айқындалып келеді.

«Түркі әлемі» тіркесінің тілдік репрезентациясы ары қарай тілтанымдық мәселелердің көптеген сауалдарын алға тартады. Себебі, «түбі бір түркілердің» әуелде (*о баста – убраться, о баста бастау – не звучит*) бастау алған мәдени бұлақ көздерінен таралған өзендер «түркі әлемі» дейтін алып мұхитқа ұласты. Әлемдік өркениеттен өзіндік орнын алып, ХХІ ғасыр «түркілер ғасыры» деген атқа лайық игі істерді игеруге ден қойды.

Нәтиже

М. Хайдеггер тілді «дом (*домом емес шығар!*) бытия» деп атаған: «Сущность человека покоится в его языке. И поэтому чтоб понять природу языка, нужно понять природу человека и его мир»[1, с. 101]. Адам болмысы мен оның әлемі қатынас тілі арқылы ғана ұлт тіршілігінен хабар береді.

«Әлемнің ұлттық бейнесі» сол халыққа ғана тән түсінік категорияларынан тұратын тұрақты бейнелерге – образдарға байланысты қалыптасады. Ол халық дүниетанымы мен болмыс қағидасын құрайды. Түркілік біртұтас дүниетанымды қалыптастырған әрекеттерді, жағдаяттарды кеңістік пен уақыт бедерінен іздеу керек. *Түркі әлемінің тілдік бейнесі* деген ұғым қазіргі таңда түркі тектес халықтар ғалымдарының ортақ зерттеу нысанына айналып келеді.

Ең бастысы түркі тілдес халықтардың когнитивтік білім қоры бір бірін толықтырып отырады. Олай дейтін себебіміз ортақ құндылықтар дүниесі, стереотип дағдылар мен мәдени өмір салты және дін ортақтығы о бастағы бір тұтас менталдық кеңістікке негізделген. Ал осы тұтастықтың келбеті тілдің кумулятивтік қасиеті арқылы жинақталып, сақталып, «өткен күнде белгі бар» екенін айғақтайды. Бұл ретте түркі фразеологизмдері мен паремияларының мәдениеттанымдық интерпретациясын ерекше айтуға болады.

Кез келген ұлт өкілі өз тілін, тіл байлығын мақтаныш етеді. Дүниедегі зат, құбылыс, іс-әрекет белгілі бір аталыммен тілдік қатынасқа қызмет етеді. Бұл ретте түркі тілдес халықтар тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамы ұлттың рухани құндылығы ретінде ерекшеленеді. Әдетте, тіл тілдегі фразеологиялық қор ұлт өмірінің айнасы іспеттес. Мұнда халықтың бүкіл өмір тіршілігі, салты мен дәстүрі, құндылықтар жүйесі көрінеді.

Түркі фразеологиясының зерттелу тарихының хронологиясы өткен ХХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Түркі деген жалпы атаудың аясындағы тілдер бойынша жүргізілген фразеологиялық зерттеулер жан-жақты, әрі бүгінге дейін маңызын жоймаған іргелі ғылыми еңбектер тізімі бар. Мәселен, қазақ фразеологиясы – І.Кеңесбаев, өзбек – Ш.Рахматуллаев, түрікмен – Л.Бабаев, қарашай-малқар – З.К.Жарашуева, башқұрт – З.Ураксин, ұйғыр – Ч.Сайфуллин, қырғыз – Ж.Осмонова, түрік – Л.Н.Долганов, құмық – К.Х.Даибова, чуваш – М.Ф.Чернов, саха – Н.С.Григорьев т.б. тілдердегі фразеологизмдерді зерттеген ғалымдардың еңбектерінде

түркі фразеологиясының алғашқы теориялық ұстанымдары сараланды. Сондай-ақ, бұл еңбектер кейінгі жаңа ғылыми бағытта қарастырылған фразеологиялық зерттеулердің бастау көзі болды.

Түркі халықтарының сөздік қорындағы ортақ лексика мен фразеологизмдер, олардың өмір сүру тәсілдеріндегі ұқсастық, этнос тарихындағы мәдени ремалардың лингвистикалық іздері және әдебиетіміздегі ортақ сюжеттер түркі халықтарына өткендегісін түгендеуді міндет етеді. Солардың бірі – кез келген түркі халықтарының өткен өмірінен хабардар ететін, тіршілік тынысындағы ұлттық ерекшеліктерін дәл айқындап көрсетіп, халық жадында сақталған тілдік фактілермен баяндап беретін, сол ұлт тілінің көркем дүниесі – фразеологизмдер. Тіл тілде сақталған мақал мәтелдер мен фразеологизмдер арқылы күллі түркі жұртының ойлау жүйесі мен әр ұлтқа тән феномендік қасиеттер айырықша көрінеді.

Бүгінде түркі фразеологиясының зерттеу нысаны жан-жақты, ғылыми нәтижелеріндегі өзара тілдік сабақтастық пен іргелестік о бастан ақ антропоцентрлік қағидатқа негізделген. Себебі бір ұлт – бір тіл. «Олардың өзге ұлттардан айырмашылықтарын тілінде сақталған бейнелі тіркестердің этномазмұнын этнолингвистикалық және лингвомәдени зерттеулер ғана тайға таңба басқандай етіп көз алдымыға әкеледі» [2, 18 б.].

Түркі фразеологизмдерін салыстырмалы тұрғыдан зерттеген Қ.Қалыбаева: «Қоғам өміріндегі экстра және интралингвистикалық факторлардың нәтижесінде фразеологизмдер сол кезеңдегі орын алған тілдік қарым қатынастың, мәдени, тарихи лингвистикалық ақпараттарын өз бойына сіңіріп, белгілі дәрежеде сақтап қалады. Сөйтіп, тарихтағы қоғамға өзгеріс әкелетін өтпелі кезеңдер тілдің фразеологиялық қорының қалыптасуында өз ізін ерекше қалдырады. Мысалы, татар және башқұрт халқының бастан кешкен тарихи оқиғаларға қатысты **Мамай заманында** «во времена Мамаю», **қырым сиреүләй, дарыны коро тотоу** «держатъ порох сухим», **Әндрей қазынасы, Әндрей әбете, әби патша заманында** «при царе горохе» секілді фразеологизмдер тарихи кезеңдердің тілдегі көрінісі» дейді [3, 62 б.]. Негізінде, Мамай түмен басы, Алтын Орданың талантты және жігерлі, саясаткері болған жылдары орыс княздықтарының алауыздықтарын пайдаланып, оларды көп шапқыншылыққа ұшыратқаны тарихтан мәлім. 1370 жылдары Алтын Орданың билеушісіне айналды. Орыс фразеологиясында бұл есім мен оған қатысты оқиғалар **«Как Мамай прошел**» «полнейший беспорядок, опустошение, разгром» деген мағынада тұрақты тіркеске айналған.

Қазақ фольклорында «Едігенің шөбересі Мамай батыр өлгенде анасы Қараүлек «Өлдің, Мамай, қор болдың!» дейтін жоқтауында:

Артыңда қалған жас бала

Қашан сендей болады?!

Қырық үл туса бір күнде,

Орның қалай толады?! – деген өлең жолдары қалған екен.

Алтын Орда ханы болған тарихи тұлға ретінде Мамай есімі қазақ тіліндегі тарихи фразеологизмдерде кездеседі. Мысалы, халқымызда: **«Өлдің Мамай, қор болдың»**,

«Өлдің, Мамай – өштің, Мамай» деген тіркестер «ешнәрсеге жарамсыз, қажетсіз, қадірі жоқ» деген мағынада қазір де жиі қолданыста бар. Сондай ақ, кейбір қазақ мақал мәтелдерінің шығу тарихы кезінде алтынордалықтардың билік құрған кезеңдеріне байланысты. **«Нар мойыны Бердібекте кесілді», «Біздің ел Тоқтамысты жамандағанын да қоймайды, көрсе бас ұрып тоңқайғанын да қоймайды»** деген тіркестер сол кезеңдердің тілдік дерегі іспеттес [4].

Халық қай кезде болса да, бастан кешкен оқиғаларын әркез бейнелі сөзбен түйіндеп, тұрақты айтылымға жеткізіп отырған. «Ұлттық мәдениет ұлт өмірінің барлық саласынан көрініс табады. Ол лингвомәдени элемент ретінде мекен-тұрақ жайынан, шаруашылық жағдайынан, ішетін тағамы, киетін киім-кешегі, бала тәрбиесінен де байқалады. Мәдени тілдік семантиканың қалыптасуына ұлттың табиғи жағдайы, тілі, діні, менталитеті, тіпті, оның психикалық ерекшеліктері де әсер етеді. Олар мынадай факторлардан тұрады: **тілдік фактор, діни фактор және географиялық фактор.** Ұлт мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін факторлардың бірі ретінде саналатын географиялық орта десек, онда қоршаған ортаға байланысты киім үлгілерінің, мекен-тұрақ жағдайының, яғни, ұлттың мәдени-шаруашылық жағдайларының даму ерекшеліктері байқалады [5, 117 б.].

Әр ұлттың, халықтың санасында әлем бейнесі сыртқы және ішкі факторларға байланысты әртүрлі болғандықтан, тілдегі ерекшеліктер де сан алуан. Сыртқы факторларға географиялық орта, әлеуметтік жағдай, шаруашылық түрі, діннің ықпалы, тарихи жағдай т.с.с. жатса, ішкі факторларға әдет-ғұрып, дүниетанымды, әдеп-шарттарын, жол-жосықты жатқызамыз.

Л.Вайсгербердің әлемнің тілдік суреті концепциясында жұлдыздар әлемі адамдар түсінігінде қалай қалыптасатыны туралы, яғни әр тілде жұлдыз атауларының саны әртүрлі болуына байланысты осы тілде сөйлеушілердің де жұлдыздар әлемі әртүрлі болатыны айтылады. Сөйтіп, Л. Вайсгербер грек тілінде тек 48 жұлдыз атауларын тапса, қытай тілінде 283 атау бар екенін анықтаған. Бұл жайлы ғалым: «Сондықтан, гректің өз жұлдыздар әлемі, қытайлықтың өз жұлдыздар әлемі бар деп тануымыз керек» [6] деп көрсетеді.

Түркі халықтарының арасында ертерек отырықшы болған түркі тілдестер мәдениеті олардың тіршілік ету формасына тәуелді болған. Мәселен, татар және башқұрт тілдерінде омарташылық кәсібінің ежелден ерте дамығандығы байқалады. Зерттеушілер омарташылықты тіпті X-XII ғасырлардан қалыптасқан деген пікірді айтады [7]. Мысалы, «бал авыз», «бал әчемәс, қыз картаймас», «бал, бал диюдән (дию белән) авызда тат булмас», «бал балчык ашата», «бал да май эчендә йөзу», «бал кортының балы бар, балға хәтле назы бар», «бао татлы, балдан бала татлы», «бал татлы дип, бармак чәйнәп булмый (чәйнәмиләр)», «бал тоткан бармак ялый, май тоткан кашык ялый», «бал чебение, яхшы сүз адәмне ияләштерер», «балға каныккан чебен кебек сырыша» т.б. [8, 35-36 б.].

Мал шаруашылығына қатысты лексемалар түркі тілдестердің көбіне ортақ, тек фонетикалық өзгерістермен ұшырасады. Демек, тіларалық тұрақты тіркестер құрамында ұйытқы компонент қызметін атқарады. Мәселен, қазақ тілінде **ЖЫЛҚЫ/АТ** сөзінен

туынды сөздер, жүздеген фразеологизмдер, мақал-мәтелдер жасалған. Олардың дискурстық ерекшелігіне назар аударсақ, аталған ұғымдардың концептуалдануынан ұлттың мәдени өмірі, тұрмыс тіршілігі, ұлттық мінез-құлқы, сал-дәстүрі сияқты құндылықтар жүйесі қалыптасқандығын лингвоаксиологиялық талдаулар арқылы көз жеткіземіз. «Қазақтардың ертедегі көшпелі өмірі мал аруашылығымен тығыз байланысты болуы, негізгі кәсібі – төрт түлік мал өсіруі – олардың әрқашан өз өнерлерін жетілдіріп, жаңа әдістерді ойлап, оны дамытып, өзінің рухани және интеллектуалдық жақтарын дамутудың кепілі болды» [9, 183 б].

Тілдік қолданыстағы мәдени лексикалық бірліктер де түркілердің тіршілік тынысындағы ортақтықты көрсетеді. Мысалы, қазақ тілінде торсық – су, кымыз, сұйық зат құюға арналған ыдыс. *Турсык* – татар, *турһык* – башқұрт, *турсик* – өзбек, *торсук* – кыргыз тілдерінде. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас» мақалы қазақ және татар тілдерінде бар.

Саба – лексемасы да қазақ, қырғыз, башқұрт, татар, ойрат, тува тілдеріне ортақ ыдыс атауы. «Сабасына қарай піспегі, сақалына қарай іскегі» (қазақ), «Ялғыз бияден саба тулмас» (татар) мақалдарда сақталған. Бұлардың қатарында «қапшық, дорба» сөздері кездеседі. Ал басқа да зат, бұйымдар салатын атаулар, мысалы, *киле, чуман, котыйчык, тубал* татар, башқұрт тілдерінде бұлардың көбінесе ағаштан, ағаш қабығынан жасалатын сауыт түрлері деп түсіндіріледі [10, 61-62 б.].

Ауылы аралас, қойы қоралас, төскейде малы, төсекте басы бірге қырғыз бен қазақтың жылқы малына қатысты фразеологизмдері, мақал-мәтелдері кейбір лексикалық, фонетикалық өзгешеліктер болмаса, мазмұны жағынан жақын, ұқсас. Ер жету, жігіт болу мағынасында *АТ ЖАЛЫН ТАРТЫП МІНУ//АТ ЖАЛЫН ТАРГУУ Чоноюу, эр жсетүү, бойго жсетүү; АТ ҚАРА ТІЛ БОЛҒАНДА //АТ ҚАРА ТІЛ БОЛҒОНДО //Жай келип, жылкы көккө тойгондо; АТҚА МІНЕР//АТКАМИНЕР* – екі тілде де нысық, белсенді адам. *АТ ТОКУР//АТ ҰСТАР* – дүниеге ұл бала келді.

АТ ЖАЛЫНА КАЗАН АСУУ. Жолжүрүп бара жатқанда ала жүргөн азығынан ат үстүндө тамактануу, өзөкжалгоо. Қазақ фразеологизмдерінің қорында бұл тіркес кездеспеді [11].

Саятшылық, аңшылық, яғни ит жүгіртіп, құс салу – түркі халықтарына жат емес. Құс салу – қазақтың да ежелден келе жатқан ата кәсібі. Аңшылық пен саятшылық күн көріс мақсатында туындап, уақыт өте келе бұл өнерге ұласты. Мәселен, бүркіт жасына қатысты атаулардың толық кешенін тек қазақ тілі ғана түгендей алады: 1 жас – балапан, 2 жас – тірнек, 3 жас – тас түлек, 4 жас – ана; 5 жас – қана; 6 жас – көк түбіт, 7 жас – қам түлек, 8 – жана, 9 – май түбіт, 10 жас – барқын, 11 жас – баршын, 12 жас – шөгел деген бүркіт атауларын тек құсбегілер ажыратады.

